

Теңгенің нақты және тиімді айырбас бағамдары индекстерін ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

I. Анықтамалар

Нақты және тиімді айырбас бағамдарының индекстері елдің ішкі және сыртқы нарықтардағы **салыстырмалы бағалық бәсекеге қабілеттілігін** бағалауға мүмкіндік беретін аналитикалық құрал болып табылады.

Номиналды тиімді айырбас бағамы (НомТАБ) – бұл тауар айналымындағы үлесі бойынша салмақталған негізгі сауда серіктестерінің валюта қоржынына қатысты елдің номиналды бағамының динамикасын көрсететін индекс.

Нақты айырбас бағамы (НАБ) – бұл қарастырылып отырған екі елдегі инфляцияға түзетілген елдің сауда серіктестерінің бірінің (номиналды екі жақты айырбас бағамы) валютасына қатысты номиналды айырбас бағамының өзгеруін көрсететін индекс.

Нақты тиімді айырбас бағамы (НТАБ) – тауар айналымындағы үлесі бойынша салмақталған негізгі сауда серіктестерінің валюта қоржынына қатысты елдің нақты (инфляцияға түзетілген) айырбас бағамының динамикасын көрсететін индекс.

II. Есептеу әдістемесі

Теңгенің НомТАБ индексі сауда-серіктес елдердің валюталарының қоржынына қатысты теңгенің номиналды айырбас бағамдарының орташа салмақталған өзгерістерінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Теңгенің НомТАБ есептеу формуласы:

$$NEER = \prod_{k=1}^n (Ier_k)^{w^k} \times 100$$

Формуладағы шартты белгілер келесіні білдіреді:

$NEER$ – теңгенің НомТАБ индексі;

k – сауда-серіктес елі;

Ier_k – k серіктес елі бойынша теңгенің номиналды айырбас бағамының (бір теңгедегі шетел валютасының саны) өзгерісі;

w^k – k сауда-серіктес елінің Қазақстанның тауар айналымындағы үлесі.

Теңгенің НАБ индексі Қазақстандағы және сауда-серіктес елдегі тұтыну бағаларының өзгеруіне түзетілген сауда серіктесінің валютасына қатысты теңгенің номиналды айырбастау бағамының өзгеруі ретінде есептеледі.

Теңгенің НАБ есептеу формуласы:

$$REER_k = \frac{Ier_k}{(CPI_k / CPI_{KZ})} \times 100$$

Формуладағы шартты белгілер келесіні білдіреді:

$REER_k$ – k сауда-серіктес елі бойынша НАБ индексі;

Ier_k – k серіктес елі бойынша теңгенің номиналды айырбастау бағамының (бір теңгедегі шетел валютасының саны) өзгерісі;

CPI_k – сауда-серіктес елдегі тұтыну бағалары индексінің өзгерісі;

CPI_{KZ} – Қазақстандағы тұтыну бағалары индексінің өзгерісі.

Теңгенің НТАБ индексі сауда-серіктес елдердің валюталарының қоржынына қатысты теңгенің нақты айырбастау бағамдарының орташа салмақталған өзгерістерінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Теңгенің НТАБ есептеу формуласы:

$$REER = \prod_{k=1}^n (REER_k)^{w^k} \times 100,$$

Формуладағы шартты белгілер келесіні білдіреді:

$REER$ – теңгенің НТАБ индексі;

k – сауда-серіктес елі;

$REER_k$ – k сауда-серіктес елі бойынша НАБ индексі;

w^k – k сауда-серіктес елінің Қазақстанның тауар айналымындағы салмағы.

НомТАБ, НАБ және НТАБ индекстерінің өсуі теңгенің айырбас бағамының салыстырмалы нығаюын білдіреді, ал олардың төмендеуі теңгенің айырбас бағамының салыстырмалы әлсіреуін білдіреді.

III. Қалыптастыру принциптері

Теңгенің нақты және тиімді айырбас бағамдарын есептеу кейбір сауда-серіктес елдердің номиналды айырбас бағамдары мен инфляциясы бойынша деректердің болмауына, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық саудасындағы бірқатар елдердің елеусіз үлесіне байланысты, сауда-серіктес елдердің іріктемесі негізінде жүргізіледі.

Негізгі сауда-серіктес елдердің іріктемесі жыл сайын қалыптастырылып, бүкіл күнтізбелік жылға өзгеріссіз бекітіледі. Оған Қазақстанның соңғы 3 жылдағы жалпы тауар айналымының кемінде 90%-ын қамтитын елдер, сондай-ақ 90%-ға кірмеген Еуропалық Одақ (ЕО)

елдері кіреді. Мұндай толықтырудың себебі – ЕО экономикалық одақ ретінде Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің бірі болып табылады.

Сауда-серіктес елдердің салмағын есептеу үшін пайдаланылатын Қазақстанның тауар айналымы жөніндегі деректердің көзі болып Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті жинақтайтын ресми сауда статистикасы табылады.

Ресми сауда статистикасы өзектендірілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңгенің нақты және тиімді айырбас бағамдарының индекстерін ретроспективті түрде қайта есептей алады.